

8D014 «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» (6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандықтары) дайындау бағыты бойынша диссертациялық кеңестің жұмысы туралы 2021 жылға арналған

ЕСЕП

I. 8D014 «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» (6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы) даярлау бағыты бойынша С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде, № 284-Н 31.05. 2021 ж. бұйрығымен диссертациялық кеңес құрылған

Диссертациялық кеңестің төрағасы педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мусалимов Теміржан Құлмұханбетұлы.

1. Өткізілген отырыстар саны туралы мәліметтер.

Есепті жылы 7 отырыс өткізілді, оның ішінде 3 қорғауға қабылдауға, 3 диссертация қорғауға арналған.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелері - жоқ.

3. Оқытуды ұйымдастыруды көрсететін докторанттар тізімі.

Тастанбекова Нурсауле Джақсибаевна

Исакова Гульнур Оларбаевна

Бекбаева Жанар Сабыровна

Докторанттың Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Мамандығы	Диссертация тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері (Т.А.Ә. (болған жағдайда, дәрежесі, жұмыс орны)	Докторант оқыған ЖОО
Тастанбекова Нурсауле Джақсибаевна	6D012000- «Кәсіптік оқыту»	Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми - педагогикалық негіздері	1.Әбдіров Айтжан Мұхамеджанұлы – педагогика ғылымдарының докторы, «Кәсіптік білім беру» кафедрасының профессоры, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ; 2. Есекешова Марал Дүйсенейқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Кәсіптік білім беру» кафедрасының доценті, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ; 3. Тарантей Виктор Петрович – педагогика	«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ

			ғылымдарының докторы, профессор, «Педагогика және әлеуметтік жұмыс» кафедрасының меңгерушісі, Янки Купалы атындағы Гродно мемлекеттік университеті, Гродно қаласы, Беларусь Республикасы.	
Исакова Гульнур Оралбаевна	6D012000- «Кәсіптік оқыту»	Жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру.	1. Галиев Темир Тлекович – педагогика ғылымдарының докторы, «Ақпараттық жүйелер» кафедрасының профессоры, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ; 2. Есекешова Марал Дүйсенейқызы - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, «Кәсіптік білім беру» кафедрасының меңгерушісі, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ ; 3. Тарантей Виктор Петрович – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Педагогика және әлеуметтік жұмыс» кафедрасының меңгерушісі, Янки Купалы атындағы Гродно мемлекеттік университеті, Беларусь Республикасы.	«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ
Бекбаева Жаиар Сабыровна	6D012000- «Кәсіптік оқыту»	Кәсіптік оқыту жағдайында студенттердің сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері	1. Галиев Темир Тлекович – педагогика ғылымдарының докторы, «Ақпараттық жүйелер» кафедрасының профессоры, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ;	«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ

			<p>2. Есекешова Марал Дүйсенейқызы - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, «Кәсіптік білім беру» кафедрасының меңгерушісі, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ ;</p> <p>3. Кубрушко Петр Федорович – педагогика ғылымдарының докторы, профессор «К.А. Тимирязев атындағы Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – МСХА» (Мәскеу қ., Ресей Федерациясы).</p>	
--	--	--	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--

4. Есепті жыл ағымында кеңесте қарастырылған диссертацияларға қысқаша талдау

4.1 Қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау

Phd докторы дәрежесін алу үшін диссертациялар білім беру саласындағы кәсіптік оқыту бейіні бойынша орындалды.

1. Н.Д. Тастанбекованың «Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми - педагогикалық негіздері» тақырыбындағы ғылыми зерттеулері кәсіптік білім беру сапасы саласындағы мәселелерді қарастыруға бағытталған және жоғары білім беру жүйесінде өте өзекті болып табылады. Қазіргі таңда еңбек нарығында білім беру мекемелерінің бітіруші түлектердің бойына сіңірген білім, білік, дағдылар мен жұмыс берушілердің мамандарға қоятын талаптарының арасындағы қарама қайшылық салдарынан түлектер арасында мамандық бойынша жұмысқа орналасушылар саны төмен. Бұл мәселені шешудің бірден - бір жолы жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың кәсіби біліктілігін дуальды оқу жағдайында жетілдіру болып табылады. Ресми құжаттарға, іргелі ғылыми еңбектерге жасалған талдау кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми - педагогикалық негіздері жеткілікті зерттелмегенін көрсетті.

2. Г.О. Исакованың «Жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы ғылыми зерттеулері жүйелілік тұғыр негізінде жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін ғылыми-теориялық зерделеу және әдістемелік аспектілерін әзірлеу болып табылады.

Білім берудің мазмұнын жетілдіре отырып, үздіксіз білім беру арқылы оларды кәсіби тұрғыдан жан-жақты жетілдіру мәселесі бүгінде мемлекет тарапынан қолға алынып, болашақта атқарылатын істер жоспарына енгізіліп, күн тәртібіне қойылып отыр. Осыған орай, жоғары оқу орнында алған сапалы білім нәтижесі болып табылатын, болашақ маман бойындағы кәсіби құзыреттілікті жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру өзекті мәселе қатарына жатады, бұл оның тұтас және жүйелі білімін ғана емес, сонымен қатар тиісті ғылыми-теориялық және әдістемелік негіздерді әзірлеуді талап етеді. Осы секілді мәселелерді шешудің тиімді әдістерінің бірі – отандық білім беруде әлі де ғылыми-практикалық қолданысқа толық енуі қажет ететін жүйелілік тұғыр болып табылады.

Қазіргі жоғары мектепте кәсіби құзыреттілікті жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыруды жан-жақты зерттеу және анықтау мүмкіндігі туындады. Кәсіби құзыреттіліктің дәстүрлі қалыптасуын жүйелілік зерделеу осы үдерістің негізгі жүйе құраушы компоненттерін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Диссертацияда кәсіптік білім берудің келесідей компоненттеріне: 1) білім алушылардың кәсіби дайындығы; 2) білім алушылардың болашақ маман ретінде кәсіби әлеуметтенуі; 3) білім алушылардың тұлғалық және кәсіби маңызды сапаларын дамыту; 4) болашақ мамандардың жүзеге асыратын оқу және болашақтағы кәсіби іс-әрекетінде жүйелілік тұғырды жүзеге асырудың жүйелілік мағлұматтарын, біліктері мен дағдыларын дамыту; 5) білім алушылардың білім, білік және дағдыларын қолдану қабілетін: «стандарт» деңгейінде, «шығармашылық» деңгейінде, «зерттеу» деңгейінде арнайы құзыреттерді дамыту болып табылады.

ЖОО түлегінің кәсіби құзыреттілігі тек тікелей кәсіби қызмет саласында ғана дамудың нақты бағыттары мен міндеттерін алатынын ескере отырып, зерттеуімізде білім алушының кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды кезеңі – оның болашақтағы кәсіби іс-әрекетінің бағдарлық негізін қалыптастыруды бөліп көрсету ұсынылады. Білім беру үдерісіне жүйелілік тұғыр негізіндегі технологиялар мен әдістерді пайдалану, білім алушыларда жүйелілік мағлұматтардың және жүзеге асыратын, болашақтағы кәсіби іс-әрекетінде жүйелілік тұғырдың біліктері мен дағдыларын белсенді дамуына ықпал етті. Бұл өз кезегінде кәсіби білім берудің жоғарыда аталған компоненттерін жүзеге асыру тиімділігі мен сапасын айтарлықтай арттырды.

3. Ж. С. Бекбаеваның «Кәсіптік оқыту жағдайында студенттердің сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы ғылыми зерттеулері кәсіптік білім беру сапасы саласындағы мәселелерді қарастыруға бағытталған және жоғары білім беру жүйесінде өте өзекті болып табылады.

Қазіргі заманғы ақпараттық қоғам жағдайында білім алушыларды кәсіптік даярлау студенттердің болашақ кәсіби қызметіне қажетті тиімді ойлау құзыреттерін қалыптастыруды талап етеді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының бір міндеті: «... жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту...» болып табылады.

Қойылған міндетке жетуді қамтамасыз ететін жоғары оқу орнындағы кәсіби оқыту білім алушылардың ойлау құзыреттіліктерін және ақыл-ой операциялары, оның ішінде: талдау және синтездеу, салыстыру, себеп-салдар байланысын орната білу, ақпаратты негізделген бағалау және шешім қабылдау сияқты дағдылар мен танымдық стратегияларын қалыптастыруы қажет.

Кәсіби оқыту жағдайында студент кіріс ақпаратты сыни тұрғыдан талдап, бағалауды, негізделген және негізделген тұжырымдар мен жалпылауды құруды, стандартты және стандартты емес кәсіби міндеттерді тиімді шешуді үйренуі керек.

Жүргізілген зерттеулер (Д.Дьюи, Л.С. Выготский, С. Л. Рубинштейн, М.И.Махмутов және т. б.) оқу процесінде студенттердің жоғары танымдық процестерін қалыптастыру процесінің апаттылығы мен жүйесіздігі, бірлігі немесе кезеңділігі түлектің ақыл-ой құзыреттілігінің қалыптасуының төмен деңгейіне әкелетінін растайды. Осы тұрғыдан алғанда, бізді қазіргі кезеңде құзыретті оқыту моделі арқылы негізді түрде іске асырылатын кәсіптік білім беру жүйесінің түлектерін даярлау сапасының проблемасы қызықтырады.

4.2 Диссертация тақырыбының ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сондай-ақ республикалық мақсатты және өңірлік ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалармен байланысы

1. Н.Д. Тастанбекованың диссертациялық жұмысы "Кәсіптік білім беру" кафедрасында төмендегі ғылыми-зерттеу жұмыстары аясында орындалды:

- мемлекеттік тіркеу нөмері № 0117РКИ0646 «Жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің ғылыми - педагогикалық негіздері» тақырыбындағы Ынталы қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмысы (2017-2022 жж.);

- GIZ Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі неміс қоғамының жетекшілігімен жүргізілген «Дуальды оқытудағы стратегиялық альянс» тақырыбындағы қазақстан-неміс қолданбалы зерттеулер жобасы (01.02.2017-10.05.2017 жж.)

- БЖҒ министрлігінің ғылымды дамытуға бағытталған ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бойынша №АР05131049 «Мәңгілік Ел құндылығы негізінде оқушыларды патриоттық тәрбиелеудің әдіснамасы» ғылыми жобасы (2018-2020 жж.).

Н.Д. Тастанбекованың диссертациялық зерттеуі «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттары және мемлекеттік бағдарламалармен байланысты.

2. Г.О. Исакованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіптік кешені үшін кадрлар даярлаудың ортақ міндеттері контекстінде қызметін жүзеге асыратын мамандарды жеделдете (озық мағынада) даярлау ғылыми-зерттеу орталығының жұмыс бағдарламасы аясында орындалды.

Г.О. Исакованың диссертациялық зерттеуі «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттары және мемлекеттік бағдарламалармен байланысты.

3. Диссертация «ЖОО-ғы көптілді білім беру жағдайында студенттердің сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» атты бастама тақырыбы аясында орындалды. Тіркеу нөмірі: МРНТИ:14.01.07; 14.35.09 № 0117РКИ0644. Ғылыми кеңесшілер – п.ғ.д., профессор Галиев Т.Т.; п.ғ.к., доцент М.Д. Есекешова.

Ж.С. Бекбаеваның диссертациялық зерттеуі "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттары және мемлекеттік бағдарламалармен байланысты.

4.3 Қаралған жұмыстың ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейіне, нақты жұмыстар нәтижелерін кеңінен енгізу жөніндегі ұсыныстарға талдау.

1. Н.Д.Тастанбекованың зерттеу нәтижелерін техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері мен ЖОО-да болашақ маман даярлауда және біліктілікті арттыру курстарында, кәсіби білікті жұмысшы мамандарды даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының теориялық және эксперименттік бөлігін орындау, әдеби деректерді талдау, жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдірудің педагогикалық шарттары айқындау, жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде дуальды оқыту жағдайында білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру моделін дайындау. Автор зерттеу нәтижелерін ғылыми жарияланымдар түрінде шығарды, «Дуальды оқытудың теориясы мен практикасы» элективті курсы «Кәсіптік оқыту» мамандығының оқу жұмыс жоспарына енгізілді. «Дуальды оқытудың теориясы мен әдістемесі» оқу құралы университеттің ғылыми кеңесімен және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Оқу-әдістемелік бірлестігімен бекітіп баспадан шығарды.

«Дуальды оқытудың теориялық негіздері» электронды оқу құралына авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге берілетін куәлік алынды.

2. Г.О. Исакованың диссертациясының зерттеуі негізгі ережелері және әзірленген жүйелілік тұғырдың әдістері кәсіптік білім беруде қолдануға болады; теориялық және әдістемелік нұсқауларды білім алушылардың жүйелілік ойлау және жүйелілік тұғыр біліктері мен дағдыларын қалыптастыру барысында пайдалануға болады; зерттеу жұмысы мен эксперимент нәтижелері жоғары оқу орны оқу үдерісінде жүйелілік тұғырды жүзеге асыру бойынша жүргізілген басқа да зерттеулерді салыстырмалы талдауда пайдалануға болады.

Жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыруға практикалық көмек ретінде ғылыми-әдістемелік еңбектер жасалынып, оқу үдерісіне енгізілді:

– **оқу құралдары:** 1. Жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру (ISBN 978-601-257-109-7). 2. Формирование профессиональной компетентности будущих специалистов: системный подход (2019 ж. орыс тілінде).

– **монография:** Формирование системного мышления и творческих способностей обучающихся: теоретический аспект (ISBN 978-985-582-274-6), Гродно, Беларусь Республикасы.

– **электронды оқулықтар:**

1. Формирование профессиональной компетентности обучающихся высших учебных заведений (авторлық куәлік №13027, 4.11.2020).

2. Технология обучения на основе системного подхода (авторлық куәлік №19922, 26.08.2021).

3. Зерттеу нәтижелері Бекбаева Ж.С. оқу пәндерін оқытудың сапасын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ болашақ мамандарды кәсіби даярлау бойынша практикалық ұсыныстар үшін пайдалануға болады.

Алынған нәтижелер:

1 Өлшемдер, көрсеткіштер, сыни ойлаудың қалыптасу деңгейлері, студенттердің сыни ойлауын көп деңгейлі оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің және Академик Е.А.Бокетов атындағы Қарағанды университетінің білім беру үдерісінде психологиялық-педагогикалық пәндерді оқытуда пайдаланылады.

2 Кәсіптік оқыту педагогтарын даярлауда ЖОО оқыту үдерісінде сыни ойлау стратегиясын пайдалануға В007 «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы І курс студенттеріне арналған «Мамандық қакіріспе және сыни ойлау» арнайы курсы әзірленді.

3 С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті профессорлық-оқытушылық құрамының педагогикалық шеберлік курсының тыңдаушыларына арналған «Оқу үдерісінде сыни ойлау стратегиясын пайдалану технологиясы» курсы әзірленіп, енгізілді

4 Авторлық құқық объектісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алынды «Сын тұрғысынан ойлау технологиялары» электронды оқулығы

5. Рецензенттер жұмысын талдау

«Дәрежелер беру ережесі» талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында әрбір рецензентке диссертациялық зерттеудің рецензиясының мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар жазылған жадынама жіберілді. Барлық ресми рецензенттер докторанттардың диссертация жұмыстарына ұсынылған тармақтар бойынша және белгіленген мерзімде өз пікірлерін білдірді. Ешқандай теріс пікір алынған жоқ.

1. Н.Д.Тастанбекованың жазған диссертациясы мен жарияланған жұмыстарын зерделеу негізінде ресми рецензенттер: п.ғ.д., профессор Жолдасбекова С.А. және PhD доктор Сманова А.А. диссертациялық кеңеске жазбаша пікірлерін ұсынып және ғылыми жұмысты зерделеуде өздерінің жоғары кәсіби деңгейін көрсетті.

2. Г.О.Исакованың жазған диссертациясы мен жарияланған жұмыстарын зерделеу негізінде ресми рецензенттер: п.ғ.д., профессор Ортаев Б.Т. және педагогика ғылымдарының кандидаты И.С. Утебаев диссертациялық кеңеске жазбаша пікірлерін ұсынып және ғылыми жұмысты зерделеуде өздерінің жоғары кәсіби деңгейін көрсетті.

3. Торыбаева Ж.З. п.ғ.д., профессор және Тоғайбаева А.Қ. п.ғ.к., доцент жоғары кәсіби деңгейін көрсетті. Сараптаманың сапасы жоғары: өзектілігі, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы және басқа да оң жақтары атап өтілді, сонымен қатар диссертациялардағы кемшіліктер айтылды.

Ресми рецензенттердің жұмысына ешқандай ескертулер жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

1. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және докторантты даярлау бағыты бойынша ресми рецензенттерді тиімді іздеу үшін ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті базасында отандық ғалымдардың республикалық платформасын құру қажет.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

	Мамандық
	6D012000 - «Профессиональное обучения»
1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	3
2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);	-
3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-

II. 2021 жылы С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ-де 2 докторанты Кочкорбаева Э. Ш., Ахметжанова Г. А. осы мамандық бойынша оқудың толық курсы аяқтады.

Есептік кезеңде диссертациялық кеңестің жанында онлайн форматта ғылыми-әдістемелік семинар өткізілді (24.06.2021 ж., № 2 хаттама), оның барысында келесі докторанттардың жұмыстары дайындалды және тыңдалды:

1) Э.Ш. Кочкорбаева «Акмеологиялық тәсіл негізінде білім алушыларды кәсіптік даярлаудың педагогикалық шарттары»;

2) Г.А. Ахметжанова «Кәсіптік білім алушылардың ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары»;

Жарияланымдар бойынша талаптардың өзгеруіне байланысты (Scopus деректер базасындағы халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдар, Cite Score бойынша көрсеткіш 25 процентильден кем болмауы тиіс) және ҚР БҒМ 24.05.2019 жылғы №230 «Ғылыми атақтар беру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығымен, алайда, семинар өткізілетін күні докторанттардың жарияланған мақалаларының процентильдері жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмеді.

Нәтижесінде, ғылыми-әдістемелік семинар отырысының қорытындысы бойынша шешім қабылданды:

- Э.Ш. Кочкорбаева мен Г. А. Ахметжанованың докторлық диссертацияларын қорғау 2022 жылға ауыстырылсын.

Докторанттардың диссертациялық жұмыстары диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысының қарауына түскен жоқ.

Диссертациялық кеңестің
төрағасы

Т.К. Мусалимов

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы

М.Д. Есекешова

«Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Әкімшілік департаменті

Т.К. Мусалимовтың қолын растаймын.
М.Д. Есекешова